

**«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша жиналысының
№ 1 хаттамасы
"№35"Ертегі"бөбекжайы" МКҚК**

28.08.2024

«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша жиналысының отырысын өткізу орны: "№35 "Ертегі" балабақшасы " МКҚК (әдіскер кабинеті)

Төраға-меңгеруші м.а. Б.Кабдрашева

Жиналысқа қатысты:

Инновация бойынша әдіскер –У.Рахимова,

Тәрбиешілер- М. Жоламанова, Л. Пушкарева

Қазақ тілі педагогі- З.Кайруллова

Хатшы: Д.Қабен.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша таныстырылым
2. «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша материалдармен таныстыру.
3. «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша топтарды және жұмыс жасайтын педагогтерді бекіту.

1.Тыңдады:

«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша таныстырылым.

Сөз сөйледі:

Меңгеруші м.а. Б.Кабдрашева «Бүгінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдысын жетілдіру мақсатында республикалық «Тілге бойлау» пилоттық жобасы қолға алынуда. Сол себепті біздің ұйымда осы үрдістен шетте қалмау мақсатында пилоттық жобаның қатысушысы болып тіркелді» деді. қатысушыларды «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша таныстырып өтті. Бұл пилоттық жобаның құндылығы мен маңыздылығын жеткізуге аса мән берді. Пилоттық жобаны іске асыруды бақылауды, Оқу ағарту министрі өзінің жеке қадағалауына алғанына назарларын аударды.

2. Тыңдалды:

«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша материалдармен таныстыру.

Сөз сөйледі:

Иновация әдіскері У. Рахимова «Заман талабына сай ғылымды игеру – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл ретте бар жауапкершілік білім беру орындарына артылатыны сөзсіз. Қазіргі таңда елімізде білім беруде уақыт талабына сай инновациялық технологияларды қолдану міндеттелген. Жаңа инновациялық тәсілдер негізінде балабақшаларда жағдай жасау – білім саласын дамытудың және білімді игеретін ұрпақ тәрбиелеудің негізі болмақ» деп атап өтті. Сонымен бірге презентациялық материалын таныстырды. Бұл презентацияда пилоттық жоба бойынша жасалатын мониторингтік бақылау,

қажетті әдебиет тізімі, балалар білу керек сөз минимумы және т.б. мәліметтер көрсетілді.

3. Тғындады:

«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша топтарды және жұмыс жасайтын педагогтерді бекіту.

Сөз сөйледі:

Меңгеруші м.а. Б.Кабдрашева қатысушыларды «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша жұмыс жасайтын топтар мен тәрбиешілерді таныстырып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында, тоқсан сайын өзге тілді педагогтермен тренингтер, интеллектуалды ойындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыруды қазақ тілі педагогі Д. Қабенге жүктелсін

2. Пилоттық жоба бойынша мәліметті уақытымен жаңартып тұру, қазақ тілі педагогі З. Зейнуллинаға жүктелсін.

3. Қатысатын педагогтердің және топтардың тізімі.

№	Топтар	тәрбиешілер	педагогтер
1	«Зияткер» ересек тобы	Пушкарева Л.В. Нагуманова Р.Ж.	Габдуллина Ф.Ж. Зейнуллина З.К. Жапарова К.К.
2	«Алтын сақа» мектепалды даярлық тобы	Жоламанова М.Т. Жилкибаева Л.Е.	Габдуллина Ф.Ж. Зейнуллина З.К. Жапарова К.К.
3	«Самұрық» мектепалды даярлық тобы	Тайгельтирова К.М. Жилкибаева Л.Е.	Габдуллина Ф.Ж. Зейнуллина З.К. Жапарова К.К.
4	«Қарлығаш» шағын орталығы	Кагерманова Г.М.	Елеманов А.Қ. Зейнуллина З.К. Жапарова К.К.

Төраға:
Хатшы:



Б. Кабдрашева
Д. Қабен